

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Инженерия факультеті
Оқу-әдістемелік комитет мәжілісінің

№8 хаттама

Кентау қаласы

16. 04. 2025 ж.

Қатысқандар: факультет деканы Нажи Генч, факультеттің Оқу-әдістемелік комитет төрағасы, доцент Г.Ж.Ниязова, Оқу ісі жөніндегі декан орынбасары Ж.С.Калимбетова, кафедра меңгерушілері: техн.ғ.к., доцент З.Қ.Абдикулова, техн.ғ.к., доцент Г.Н.Қазбекова, кафедралардың оқу-әдістемелік жұмыстарына жауапты оқытушылар: О.Д.Меирбекова, Ә.Т.Баялы және ОПҚ.

Күн тәртібінде

- 1 2025-2026 оқу жылына білімгерлерді қабылдау жоспарын талқылау
- 2 ББ білімгерлердің контингентін қалыптастыру, талапкерлерге кәсіби бағдар беру іс-шаралары туралы
- 3 Білім алушылардың 2025-2026 оқу жылына пәнге тіркелуін ұйымдастыру.
- 4 ББ оқу-танымдық, кәсіби, зерттеу, педагогикалық, диплом алды т.б. практикаларының бекітілген талаптарға сәйкес ұйымдастырылуы туралы
- 5 Әр түрлі мәселелер

Бірінші мәселе бойынша сөз алған Оқу ісі жөніндегі декан орынбасары Ж.Калимбетова факультет кафедралары ұсынысы негізінде әзірленген 2025-2026 оқу жылына білімгерлерді қабылдау жоспары туралы ақпарат ұсынды. Факультет кафедралары бойынша бакалавриат деңгейінде 6 білім беру бағдарламасына 325 талапкер қабылдау (оның ішінде 2 білім беру бағдарламасы бойынша 20 талапкерді қысқартылған білім беру бағдарламаларына қабылдау), магистратура деңгейі үшін 3 білім беру бағдарламасына 28 талапкер қабылдау, докторантура деңгейі үшін 1 білім беру бағдарламасына 4 талапкер қабылдау жоспарланған. Жалпы саны-357 тіліпкер қабылдау болжамды жоспарлануда. Осы жоспарды бекіту үшін университет Сенатына ұсынуды дауысқа салу қажеттігін айтты. Мәжіліс мүшелері бірауыздан қолдап дауыс берді.

Шешім 1.1: 2025-2026 оқу жылына білімгерлерді қабылдау жоспары бекіту үшін университет Сенатына ұсынылсын.

Екінші мәселе бойынша сөз алған О.Меирбекова ББ білімгерлердің контингентін қалыптастыру, талапкерлерге кәсіби бағдар беру іс-шаралары факультет кафедраларында жүйелі іске асырылатындығын атап өтті. Факультет ПОҚ Кентау, Түркістан қалалық, Қызылорда облысы

елдімекендердегі мектептердің бітіруші түлектерімен кездесулер ұйымдастырылып, әлеуметтік желілер арқылы университеттің танытым материалдары белсенді таратылатындығын айтты.

Шешім 2.1: ББ білімгерлердің контингентін қалыптастыру, талапкерлерге кәсіби бағдар беру іс-шараларының тұрақты іске асырылуын қадағалау кафедра меңгерушілеріне жүктелсін.

Үшінші мәселе Білім алушылардың 2025-2026 оқу жылына пәнге тіркелуін ұйымдастыру мәселесі бойынша сөз алған Оқу әдістемелік комитет төрағасы Г.Ниязова: Білім алушылардың 2025-2026 оқу жылына пәнге тіркелуін ұйымдастыру Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Сенат мәжілісінде (Хаттама №11, 25.06.2024ж.) бекітілген 2024-2025 оқу жылына арналған академиялық күнтізбеге сәйкес бакалавриат 1-3 курс, магистратура 1-2 курс білім алушылары 07-12 сәуір 2025 жыл аралығында Пәнге тіркелгенді. Сонымен қатар, пәнге тіркелу құжаттарының талаптарға сай әзірленіп, тапсырылғандығын айтты.

Шешім 3.1

Білім алушылардың 2025-2026 оқу жылына пәнге тіркелуін ұйымдастыру деңгейі қанағаттанарлық деп есептелсін.

Төртінші мәселе ББ оқу-танымдық, кәсіби, зерттеу, педагогикалық, диплом алды т.б. практикаларының бекітілген талаптарға сәйкес ұйымдастырылуы туралы сөз алған декан орынбасары Ж.Калимбетова келесі мәліметтерді баяндады.

Факультеттің бакалавриат 1-курс студенттері 08.01.-08.02.2025ж. аралығында Оқу тәжірибеден, 2-курс студенттері 27.01.-08.01.2025ж. аралығында Өндірістік тәжірибе I, 2-курс студенттері 13.01.-08.02.2025ж. аралығында Өндірістік тәжірибе II, 4-курс студенттері 03.02.2025-29.03.2025ж. аралығында Өндірістік тәжірибе III, 31.03.-26.04.2025ж. аралығында Дипломалды практика өтті.

Магистратура 2-курс магистранттары 02.09.-02.11.2024 аралығында Педагогикалық практика, 7М06128-Ақпараттық жүйелер ББ 10.02.-08.03.2025ж. аралығында Педагогикалық практика, 04.09.-15.12.2024ж. аралығында Зерттеу практикасы II, 20.01.-08.02.2025ж. аралығында Тағылымдама өтті. Докторантура 1,2-курс докторанттары 02.09.-05.10.2024ж. аралығында Зерттеу практика өтті. Барлық практика түрлері бойынша іс-құжаттар талаптарға сай әзірленді және арнайы комиссия тарапынан бағаланды.

Шешім: 4.1 ББ оқу-танымдық, кәсіби, зерттеу, педагогикалық, диплом алды т.б. практикаларының ұйымдастырылуы қанағаттанарлық деп есептелсін.


Әртүрлі мәселе бойынша факультеттің Оқу әдістемелік комитет төрайымы, п.ғ.к., доцент Г.Ж. Ниязова сөз алып, аға оқытушылары Назарбек Т.С., Джаханова Б.Н., Сапарбекова Г.А., Баялы Ә.Т. «MathCad

компьютерлік математика есептерін басқаруға арналған әмбебап жүйе» дайындаған оқу құралы білім алушыларға керекті мәліметтер қамтылған.

Университетіміздің кітапханасында қазақ тілінде кітаптар қоры аз болғандықтан бұл оқу әдістемелік құрал студенттерге өте қажет екендігін көрсетіп баспадан шығару үшін Университеттің оқу-әдістемелік кеңесіне ұсыну керек екендігін айтып өтті. Оқу құралын факультеттің оқу әдістемелік комитет мүшесі, сарапшылары доцент м.а., п.ғ.к. А.О. Әлиева, аға оқытушы О.Д.Меирбекова тексеріп, кемшіліктерін көрсетіп өз пікірлерін білдірді. Оқу құралына пікір бергендер: Компьютерлік инженерия кафедрасы доценті, техн.ғ.к. Ә. Төлеп және М.Әуезов атындағы ОҚУ «Информатика» кафедрасының PhD, аға оқытушысы А.Н. Урматова. Университет оқу әдістемелік комитет қарауына ұсыну үшін дауыс беруін сұрады. Мәжіліс мүшелері бірауыздан қолдап дауыс берді.


Шешім: 5.1. Аға оқытушылар Назарбек Т.С., Джаханова Б.Н., Сапарбекова Г.А., Баялы Ә.Т. «MathCad компьютерлік математика есептерін басқаруға арналған әмбебап жүйе» дайындаған оқу құралын баспадан шығару үшін университеттің Оқу әдістемелік комитетіне қарауға ұсынылсын.

Факультеттің Оқу-әдістемелік
комитет төрағасы



Г.Ж.Ниязова

Хатшы



О.Д.Меирбекова